

**DEXP**

**ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

# DEXP MWR10 бағдарлауышы

## Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Жұмысты бастамас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтаңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Құрылғының мақсаты

Бағдарлауыш Wi-Fi сымсыз желілері және/немесе 3G және 4G ұялы желілері арқылы интернет байланысын орнатуға арналған.


## Сақтық шаралары

- Осы құрылғыны ауа температурасы 0 °C-тан +40 °C-қа дейін болған кезде пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы басқа адамдар, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты адамдар бақылаған жағдайларды қоспағанда, балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Бұл құрылғыны тыйым салынған жерде пайдаланбаңыз (ауруханаларда, медициналық мекемелерде және т. б.).
- Кейбір сымсыз құрылғылар есту аппараттарының немесе кардиостимуляторлардың жұмысына әсер етуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығымен кеңесіңіз.
- Кардиостимулятордың жұмысына кедергі келтірмеу үшін бағдарлауыш пен кардиостимулятор арасында ең аз дегенде 15 см қашықтықты сақтау ұсынылады. Кардиостимуляторды қолданған кезде, бұл құрылғыны кардиостимуляторға қарама-қарсы жақта ұстаңыз және құрылғыны алдыңғы қалтаға салмаңыз.
- Жанғыш немесе жарылғыш заттарды сақтау орындарында құрылғыны пайдаланбаңыз, әйтпесе жарылыс \ өрт қаупі бар.
- Құрылғыны жанғыш сұйықтықтармен, газдармен немесе жарылғыш заттармен бір контейнерде сақтамаңыз және тасымалдамаңыз.
- Құрылғыны шаңды, дымқыл немесе лас бөлмелерде, күшті магнит өрісі бар жерлерде пайдаланбаңыз, бұл құрылғының электр тізбегінің бұзылуына әкелуі мүмкін.

- Кәбілдерді қосар және ажыратар алдында құрылғыны өшіріп, оны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Құрылғымен жұмыс кезінде қолдарыңыздың құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғы тұрақты жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны электромагниттік кедергі тудыруы мүмкін электр құрылғыларынан (мысалы, микротолқынды пеш, тоңазытқыш) алыс ұстаңыз.
- Найзағай кезінде құрылғыны өшіріп, оған қосылған барлық кәбілдерді ажыратыңыз, әйтпесе құрылғы зақымдалуы мүмкін.
- Құрылғыны және керек-жарақтарды жақсы желдетілетін және салқын бөлмеде күн сәулесінен алыс жерде сақтаңыз. Құрылғыны сүлгімен немесе басқа заттармен жаппаңыз. Құрылғыны жылу өткізгіштігі нашар заттарға (сөмкелер, қораптар және т.б.) салмаңыз.
- Құрылғыға ылғалдың түсуіне жол бермеңіз.
- Құрылғыны жылытқыш, микротолқынды пеш, пеш, су жылытқышы, радиатор немесе шам сияқты жылу көздерінен аулақ ұстаңыз.
- Құрылғыға шам немесе су ыдыстары сияқты заттарды қоймаңыз. Егер құрылғыға қандай да бір бөгде зат немесе сұйықтық түссе, құрылғыны дереу пайдалануды тоқтатыңыз, оны өшіріңіз және оған қосылған барлық кәбілдерді ажыратыңыз.
- Құрылғының саңылауларын жаппаңыз. Құрылғы мен басқа заттар арасындағы қашықтық жылуды кетіру үшін кем дегенде 10 см екеніне көз жеткізіңіз.
- Құрылғы қызып кеткен жағдайда оны пайдалануды уақытша тоқтатып, суытыңыз. Терінің қыздырылған құрылғымен ұзақ уақыт жанасуы күйікке әкелуі мүмкін.
- Балаларға немесе үй жануарларына құрылғы мен құрамдам бөлшектерді тістеуге жол бермеңіз, әйтпесе бұл құрылғыға зақым келтіруіне немесе жарылуына әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны денеңізден кемінде 20 см қашықтықта орналастырыңыз және қолданыңыз.
- Құрылғы жақсы сигнал деңгейі бар жерде болуы керек. Бағдарлауыш мен басқа металл заттар (мысалы, металл кронштейндер, есіктер) арасындағы қашықтық 25 см-ден, бағдарлауыш мен басқа құрылғылар арасындағы қашықтық 30 см-ден асуы керек.
- Тек осы құрылғымен үйлесімді қуат адаптерін пайдаланыңыз, дұрыс емес адаптерді пайдалану өртке, жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Құрылғымен бірге жеткізілетін құрамдас бөліктерді ғана пайдаланыңыз. Кез-келген басқа құрамдас бөліктерді пайдалану өмір мен денсаулыққа қауіп төндіруі, сонымен қатар кепілдіктің жойылуына әкелуі мүмкін.
- Құрылғы қуат көзіне, розеткаға жақын болуы керек.
- Бағдарлауыш пайдаланылмаған кезде қуат адаптерін электр розеткаларынан және құрылғыдан ажыратыңыз.
- Құрылғыны/қуат адаптерін құлатпаңыз немесе соқпаңыз.
- Кәбіл, шанышқы немесе басқа да бөлшектер бүлінген жағдайда аспапты пайдаланбаңыз. Кәбілдің немесе штепсельдің шанышқысын ыстық беттерге тимейтініне көз жеткізіңіз.
- Қуат сымын дымқыл қолмен ұстамаңыз және қуат адаптерін желіден ажыратқан кезде сымнан тартпаңыз.
- Құрылғыны немесе қуат адаптерін дымқыл қолмен ұстамаңыз.

- Егер қуат адаптері суға, басқа сұйықтықтарға немесе шамадан тыс ылғалдылыққа ұшыраса, оны тексеру және жөндеу үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына апару керек.
- Құрылғы мен құрамдас бөліктердің құрғақ болуын қадағалаңыз. Бағдарлауышты микротолқынды пеш немесе шаш кептіргіш сияқты электр құрылғыларымен кептіруге тырыспаңыз.
- Құрылғыны немесе құрамдас бөліктерді тым қатты немесе төмен температураларға ұшыратпаңыз.
- Егер сіз құрылғыны ұзақ уақыт пайдалануды жоспарламасаңыз, оны өшіріп, оған қосылған барлық кәбілдерді ажыратыңыз.
- Көрінетін зақымданулар анықталған кезде құрылғыны пайдаланбаңыз (егер құрылғы түтін немесе қандай да бір ерекше шу немесе иіс шығаратын болса) және олар анықталған кезде дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Кәбілді баспаңыз, тартпаңыз немесе майыстырмаңыз. Бұл кәбілдің зақымдалуына және құрылғының қалыпты жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны тазаламас бұрын оны өшіріп, оған қосылған барлық кәбілдерді ажыратыңыз.
- Құрылғыны және құрамдас бөліктерді тазалау үшін химиялық жуғыш заттарды, ұнтақты, спиртті немесе бензолды пайдаланбаңыз, әйтпесе құрылғының бөліктері зақымдалуы мүмкін, жану қаупі бар. Құрылғы мен құрамдас бөліктерді тазалау үшін таза, жұмсақ және құрғақ шүберекті пайдаланыңыз.
- Магниттік жолағы бар карталарды, мысалы, несие немесе телефон карталарын ұзақ уақыт бойы құрылғыға жақын ұстамаңыз. Әйтпесе, магниттік жолағы бар карталар зақымдалуы мүмкін.
- Құрылғыны ашпаңыз және жөндеуді өзіңіз жасамаңыз. Қызмет көрсету мен жөндеуді тек уәкілетті қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.

## Құрылғы схемасы




1. Қуат индикаторы:
  - Жанып тұр - құрылғы қосулы.
  - Көк түспен жанады - құрылғы қуат адаптеріне қосылған.
  - Жанбайды - құрылғы өшірулі.
2. Желінің сигнал деңгейінің индикаторы:
  - Көк түспен жанады - құрылғы 4G / 3G желісіне қосылған.
  - Көк түспен жыпылықтайды - 4G / 3G деректерін беру.
  - Қызыл түспен жанады – SIM картасы салынбады / PIN-код енгізілмеді немесе PIN-код дұрыс енгізілмеді. Желіге қосылу қатесі.
  - Қызыл түспен жыпылықтайды - желіні іздеу.
3. Wi-Fi индикаторы:
  - Көк түспен жанады-Wi-Fi қосылған.
  - Көк түспен жыпылықтайды - WPS қосулы.
  - Жанбайды - Wi-Fi өшірулі.

4. LAN индикаторы:
  - Көк түспен жанады - құрылғы кем дегенде бір LAN порты арқылы қосылған.
  - Көк түспен жыпылықтайды - жергілікті желі (LAN) арқылы деректерді беру.
  - Жанбайды - LAN порты арқылы қосылған құрылғылар жоқ.
5. Желілік сигнал индикаторы:
  - Жасыл түспен жанады - сигнал бар (бөлектеу неғұрлым көп болса, сигнал соғұрлым жақсы болады).
  - Жанбайды - сигнал жоқ.
6. WPS түймесі - WPS функциясын іске қосу үшін 1 секунд басып тұрыңыз.
7. Қалпына келтіру түймесі:
  - Баптауларды зауыттық мәндерге қалпына келтіру бұрын таңдалған баптауларды өшіруге әкеледі.
  - Құрылғы қосылған кезде зауыттық баптауларды қалпына келтіру үшін 8 секунд басып тұрыңыз. Баптаулар қалпына келтіргеннен кейін құрылғы автоматты түрде қайта қосылады.
8. WAN\LAN порты:
  - WAN / LAN желісін автоматты түрде анықтау.
  - WAN порты ретінде пайдалану: ADSL, DDN, Ethernet және басқа желілерге қосылу.
  - LAN порты ретінде пайдалану: компьютерге, коммутаторға немесе басқа LAN құрылғысына қосылу.
9. LAN порты - компьютерге, коммутаторға немесе басқа LAN құрылғысына қосылу.
10. Қуат түймесі - құрылғыны қосу/өшіру үшін басыңыз.
11. Қуат адаптерінің ағытпасы- құрылғыны қуат адаптеріне қосу.
12. Қақпақ - SIM картасын қорғау.
13. USB ағытпасы - қолайлы USB адаптеріне қосылу.
14. SIM картасы ағытпасы - LTE интернетке кіру үшін SIM картасын осы ағытпаға салыңыз.


## SIM картасын орнату

1. Құрылғыны өшіріп, қуат адаптерінен ажыратыңыз.
2. Құрылғының қақпағын ашыңыз.
3. SIM картасын тиісті ұяға салыңыз.
4. Қақпақты жабыңыз.


**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** құрылғы қосулы болған кезде SIM картасын шығармаңыз, әйтпесе бұл SIM картасы мен құрылғыны зақымдауы мүмкін.




1



2



3




4

## Кәбілдерді жалғау

Радиожиілік кедергілерін болдырмау үшін құрылғыны телефоннан және басқа электрондық құрылғылардан кемінде 1 метр қашықтықта орналастырыңыз.

- Бағдарлауышты тиісті қуат адаптеріне қосыңыз және құрылғыны қосыңыз.
- Желінің сигнал деңгейінің индикаторы көк түспен жанады - құрылғы 4G / 3G желісіне қосылған.

- Төмендегі диаграммада көрсетілгендей құрылғыны ДК-ге қосыңыз:



**ЕСКЕРТПЕ:** құрылғыны тек тиісті қуат адаптеріне қосыңыз, тиісті адаптер үлгісін нақтылау үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Қуат көзіне қосылғаннан кейін құрылғы автоматты түрде қосылады.


## Wi-Fi қосылымын орнату

**ЕСКЕРТПЕ:** бағдарлауышты қосатын ДК/планшет/телефон Wi-Fi қолдайтынына көз жеткізіңіз.

- Бағдарлауыштың Wi-Fi функциясын қосыңыз, Wi-Fi индикаторы көк түспен жануы керек.

**ЕСКЕРТПЕ:** Wi-Fi мүмкіндігін қолмен қосу немесе өшіру туралы толық ақпарат алу үшін бағдарлауышты басқару веб-сайтындағы WLAN баптаулары бөлімін қараңыз.

- Зауыттық Wi-Fi паролі және желі атауы (SSID) құрылғының төменгі жағындағы жапсырмада көрсетілген.



**ЕСКЕРТПЕ:** қауіпсіздік мақсатында мезгіл-мезгіл желі атауын және Wi-Fi паролін өзгерту ұсынылады. Бұл туралы бағдарлауышты басқару веб-сайтында анықтамалық ақпаратты ашу арқылы білуге болады.

- Бағдарлауышқа қосылған құрылғыны пайдаланып, ең жақын сымсыз желілерді табыңыз.
- Бағдарлауыштың төменгі жағындағы стикерде көрсетілген желі атауымен (SSID) сәйкес келетін желіге қосылыңыз.
- Бағдарлауыштың төменгі жағындағы жапсырмада көрсетілген Wi-Fi паролін бас және кіші әріптерге назар аудара отырып енгізіңіз.

Егер құрылғы WPS қолдайтын болса, WPS қосылымын келесідей баптай аласыз:



- Бағдарлауышқа қосылған құрылғыда Wi-Fi қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
- WPS түймесін 1 секунд басып тұрыңыз.
- Келесі 2 минут ішінде құрылғыда (компьютер/планшет/телефон) WPS қосылымын іске қосыңыз.  
**ЕСКЕРТПЕ:** құрылғыға (ДК/ планшет/телефон) WPS қосылымын орнату жөніндегі нұсқаулықты таңдалған құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

## Бағдарлауышты баптау

- Құрылғы бағдарлауышқа Wi-Fi немесе кәбіл арқылы қосылғаннан кейін, шолғышты ашып, мекенжай жолына <http://192.168.0.1> теріңіз.
- Бағдарлауышты басқару веб-сайтына кіру үшін пайдаланушы аты мен парольді енгізіңіз. Зауыттық пайдаланушы аты мен пароль бағдарлауыштың төменгі жағындағы жапсырмада көрсетілген.
- Мастер бағдарламасын пайдаланып желі параметрлерін тексеріңіз немесе баптаңыз. Бұл туралы бағдарлауышты басқару веб-сайтында анықтамалық ақпаратты ашу арқылы білуге болады.
- Есептік жазбаңызды қорғау үшін жүйеге бірінші кіргеннен кейін парольді өзгертіңіз. Бұл туралы бағдарлауышты басқару веб-сайтында анықтамалық ақпаратты ашу арқылы білуге болады.
- Желі атауын (SSID) немесе Wi-Fi паролін өзгерткеннен кейін ДК-ге Wi-Fi қосылымын қайта орнату керек.
- Баптаулар аяқталғаннан кейін, сіздің Интернетке қолжетімділігіңіз бар-жоғын тексеру үшін бағдарлауышқа қосылған құрылғының браузерінде веб-бетті ашыңыз.

## Мүмкін проблемалар және оларды шешу

Құрылғымен проблемалар туындаған кезде келесі қадамдарды орындаңыз:

- Бағдарлауышты басқару веб-сайтындағы анықтамалық ақпаратты қарап шығыңыз.
- Бағдарлауышты қайта іске қосыңыз.
- Баптауларды зауыттық мәндерге қалпына келтіріңіз.
- Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: MWR10.
- Wi-Fi класы : n300.
- Сымсыз байланыс стандарты: Wi-Fi: 802.11 b/g/n.
- Таратқыштың қуаты: 63 мВт.
- Жиілік диапазоны: 2412-2472 МГц.
- Жүктеу жылдамдығы: 150 Мбит/с дейін.
- Қайтару жылдамдығы: 50 Мбит/с дейін.
- 4G диапазоны: 1, 3, 7, 20.
- 3G диапазоны: 1, 8.
- Чипсет: ASR1802S.
- LTE MIMO: 2x2.
- 2 LAN порты 100 Мбит/с.

# Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы ауа температурасы -10 °С-тан +60 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% - дан аспайтын өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында қаптамда сақталуы керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аталған өнімді кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз бақылаусыз қалдықтардың шығарылуының нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Шанхай Ноушн Информэйшн Тэкнолоджи Ко., Лтд.  
Каб. 501, 5-ғимарат, № 289 Бишэн тас жолы, Пудун ауданы, Шанхай қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Құрылғының жинақталымы алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

**Интернеттегі мекенжай:** [www.dexr.club](http://www.dexr.club)

**Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.**

## Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету өнімнің пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүзеге асырылады.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімін мына мекенжай бойынша алуға болады:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

[www.dexp.club](http://www.dexp.club)